

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ
ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ НАУКИ
ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМЕНИ
Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА**

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1930-ШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАППАЙ
АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЕКТЕС
АУМАҚТАРҒА МӘЖБҮРЛІ ҚОНЫС АУДАРУЫ: ЗАМАНАУИ
ТҮСІНУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ БАҒАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

8 қыркүйек 2022 ж.

МАТЕРИАЛЫ

**международной научно-практической конференции
«МАССОВЫЙ ГОЛОД 1930-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ
И ВЫНУЖДЕННЫЕ ОТКОЧЕВКИ КАЗАХОВ НА
СОПРЕДЕЛЬНЫЕ ТЕРРИТОРИИ: ПРОБЛЕМЫ
СОВРЕМЕННОГО ОСМЫСЛЕНИЯ И НАУЧНОЙ ОЦЕНКИ»**

8 сентябрь 2022 г.

Алматы, 2022

ӘОЖ 94(574)
ҚБЖ 63.3(5Қаз)
Қ 18

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған. АР08856865 «XX ғасырдың 30-жж. басындағы жаппай ашаршылық кезеңіндегі Орта Азия республикалары мен Ресейдегі қазақ көшпелілері: орналасуы мен бейімделуі» жобасы аясында жарияланды.

Рекомендовано к печати Ученым советом Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова. Издано в рамках реализации проекта АР08856865 «Казахские откочевники в республиках Средней Азии и России в период массового голода начала 30-х гг. XX века: пребывание и адаптация»

Редакциялық кеңес:

Қабылдинов З.Е., Құдайбергенова А.И., Мұсағалиева А.С., Қозыбаева М.М.

Құрастырушылар:

Құдайбергенова А.И., Исенов Ә.И., Бекенова А.А.

Пікір жазғандар:

Мұхатова О.Х. – тарих ғылымдарының
докторы, профессор

Бекмағамбетов Р. – тарих ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор

«Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы жаппай ашаршылық және қазақтардың шектес аумақтарға мәжбүрлі қоныс аударуы: заманауи түсіну және ғылыми бағалау мәселелері» = «Массовый голод 1930-х годов в Казахстане и вынужденные откочевки казахов на сопредельные территории: проблемы современного осмысления и научной оценки»: халықар. ғылыми-тәжірб. конф. мат-ры / Құраст. А.И. Құдайбергенова, Ә.И. Исенов, А.А. Бекенова. – Алматы: «Мадияр» ЖК, 2022 ж. – 324 б. [каз. и русс. яз.]

ISBN 978-601-06-7096-9

Бұл жинаққа Алматы қаласында 2022 жылдың 08 қыркүйегінде болып өткен «Қазақстандағы 1930-шы жылдардағы жаппай ашаршылық және қазақтардың шектес аумақтарға мәжбүрлі қоныс аударуы: заманауи түсіну және ғылыми бағалау мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары енгізілді.

Жинақ гуманитарлық ғылымдар саласындағы мамандарға, жоғарғы оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, оқытушылар қауымына, сондай-ақ ел тарихын сүйер көпшілікке арналған.

В сборник вошли доклады участников Международной научно-практической конференции «Массовый голод 1930-х годов в Казахстане и вынужденные откочевки казахов на сопредельные территории: проблемы современного осмысления и научной оценки», состоявшейся в г. Алматы 8 сентября 2022 года.

Сборник предназначен для специалистов в области гуманитарных наук, студентов и аспирантов высших учебных заведений, профессорско-преподавательского состава, а также для широкой публики, интересующей историей страны.

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТжӘИ, 2022
© ЖК «Мадияр», 2022

Астық салығымен қатар қолдағы жылқы, ірі қара, түйе, қойларды колхозға деп ортақтастыру жүргізілді.

1930 жылы 22 наурызда Қазақ өлкелік колхоз одағына Алматыға жолданған хатта Арал ауданының 11 колхозының 3613 шаруашылығынан 22552 мал басының 37%-ы қамтылған. Қазалы 42 колхоз, 4494 шаруашылығынан 27795 мал басынан 45-і алынған, Қарсақпай ауданы 70 % -ға ұжымдастырылған.

1930 жылдың 15 наурызындағы Қызылорда округі бойынша ұжымдастыру саясатының жүргізілуі бойынша, есбеі бойынша Арал, Қазалы, Қармақшы, Тереңөзек колхоздарынан - 30459 шаруашылық біріктірілген.

Тәркіленген мал басы жөніндегі архив дерегінде Қармақшыдан -1250 жылқы, ірі қара мал -593, қой 4005, қозы 2700, түйе 1574, есек 5. Барлығы 10127 бас, Қараөзектен 697 жылқы, 100 ірі қара, 1732 қой, 79 қозы, түйе 598, барлығы 3206. Қызылорда ауданында 242 жылқы, ірі қара мал 127, қой 1087, қозы 101, түйе 321, есек 4, барлығы 1882 мал басы тәркіленсе, округ бойынша 2189 жылқы, ірі қара мал 820, қой 6824, қозы 2880, түйе 2493, 9 есек, барлығы 15215 мал басы тәркіленген.

Ел басына төнген тәркілеу елдегі егістік пен шабындық жерлерді бөлу қазақ ауылының жер мәселесін шешіп беру орнына Қазақстан шаруаларының әлеуметтік- экономикалық жағдайын одан сайын ауырлатқан науқан болды.

АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫЛЫҚ: ӨЗБЕКСТАНҒА ҚАШҚАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ (1929-1933 ЖЖ.)

Құдайбергенова А.И.

тарих ғылымдарының докторы, доцент

Қазақстанда 1917-1918 жж. Түркістан Республикасындағы ашаршылықтан еңсесін көтермеген халық, 1921-1922 жж. ашаршылық қамытын қайта кигені белгілі. Сондай-ақ, 1921-1922 жж. мен 1929-1933 жж. деп белгіленген екі ашаршылықтар арасында Қазақстанда уездер мен аудандар ашаршылыққа ұшырады деген мәліметтер көптеп кездеседі. Мысалы, 1924 ж. Атбасар мен Ақмола уездерінің оңтүстік аудандарында 35 мың адамның аштыққа ұшырағандығы [1: 1 п.], 1924 ж. Ақтөбе, Темір уездерінде астықтың шықпай қалғандығына байланысты халықтың ашаршылыққа ұшырағандығы, Ақтөбе губерниясында 4340 шаруашылық ашаршылыққа ұшырап, азық-түлік қажет еткендігі [2:

6, 21 пп.] жайлы мәліметтер. Бұл жылдары да астықтың шықпауы губерния халқының босып кетуіне әкеледі. Тамақ пен жалақы іздеп, халық басқа жерлерге кетеді. Мысалы, темір жол құрылысы жүріп жатқан Жетісу бойына, Ақбұлақ ауданының Васильевск ауданының тұрғындары Дон облысына кеткен. 4 отбасы ашығуда, тұтастай ауыл ашығуда деген хабарлар көптеп түсе бастайды. Ақбұлақ ауданының партиялық ұйымы хатшысымен бірге Жетісуға, Ташкент өлкесіне жалақы мен тамақ іздеп кеткен оқиғалар кездескен [2: 6, 21-пп.]. 1925 ж. 6 қаңтарына қарай Ақтөбе губерниясында халықтың 20-25%-ы аштыққа ұшырады деген есеп бар. Халық Төменгі Оралға, Қазақстанның оңтүстігіне жұмыс пен тамақ іздеп кетіп жатты [2: 21 п.]. 1927 ж. 10 наурызда Қазақ ОАК Алқасының отырысында Шымкент уезінің 120 шаруашылығының Алматы уезіне көшкені жайлы да мәлімет кездеседі [3: 25 п.]. 1926 ж. 3 сәуірде Жетісу губерниясы Алматы, Шу уездерінің 8 болысының орыс, тараншы және қырғыз (қазақ) ауылдарында астықтың шықпауына байланысты халықтың ашығып жатқаны жайлы ХКК-нің төрағасы Рыковке, Қазақ орталық атқару комитетіне, БОАК-нің Жерге орналастыру жөніндегі ерекше комиссиясының төрағасы Серафимов, Қазақ ОАК-нің губернияларды тексеру комиссиясының төрағасы Жандосов қол қойған, жеделхат, Одан бөлек, 1926 ж. 4 сәуірде БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің жауапты хатшысы Каширин мен Қазақ АКСР ХКК төрағасының орынбасары Серғазиев қол қойған хат жіберіліп, көмек сұрайды [4: 14, 15 пп.]. Яғни, 1920-жылдары аштық тыйылмай, соңы 1929-1933 жж. Қазақстан халқының жартысынан астамын алып кеткен апатты ашаршылықпен ұласады.

1988 ж. Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтында өткен «Қазақстандағы және Орта Азия республикаларындағы ұжымдастыру: тарихы және тағылымы» деген тақырыпта бүкілодақтық конференцияда институт директоры, академик М.Қ. Қозыбаев Қазақстанда «1930 жылдардағы халықтың аштан қырылуын зерттеу керек» бастаманы көтергеннен бері ашаршылықты зерттеу басталды. 1991 ж. 11 қарашада Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1920-1930 жж. ашаршылық және жаппай қуғын-сүргін себептерін зерттеу жөніндегі арнайы комиссиясы құрылып, (құрамында белгілі тарихшылар мен заңгер ғалымдар бар), 1992 ж. комиссияның Қорытындысы жарияланды. Ол бойынша, 1929-1933 жж. ашаршылық жылдарында «Қазақ елі аштықтан және соған байланысты індеттерден, сондай-ақ табиғи өлім деңгейінің үнемі жоғары болуынан 2 миллион 200 мың адамынан, яғни барлық қазақ халқының 49 процентінен айрылды».

Соның ішінде босқыншылық мәселесін тарқатсақ.

Кеңестік билік XX ғ. 20-30 жылдары ірі байлардың, кулактардың, жартылай феодалдардың (орта шаруалар мен шаруалардың)

мүлкін тәркілеу (кәмпескелеу), мәжбүрлеп ұжымдастыру, күштеп отырықшыландыру, күштеп астық дайындау және күштеп ет дайындау, «Үш масақ туралы» заңды іске асыру, т.б. саяси науқандарды жүргізді. Бұл науқандар ғасырлар бойы терең өзгерістерге түсе қоймаған қазақ ұлтының дәстүрлі болмысының, күнделікті өмірінің ырғағына қауіп төндіріп, халықтың толқуларын, қарсылығын туғызды. Қарсылықтың бір көрінісі – халықтың мекендеген жерлерінен тыс аймақтарға көшуі болып табылады.

Қазақстаннан сырт жаққа қашқандар, ең алдымен, тәркілеуден қашқан байлар мен кулактар болды. Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (ОГПУ) 1928 ж. қыркүйектегі мәліметінде «барлаушы рөлін атқаратын жігіттердің көмегімен байлар бар байлығын жасырып, сыртқа көшіп жатыр [5: 25 б.], «Түлкібас ауданының (Сырдария ауданы) № 2 ауылынан, Байғазы Жұсамбаев, 255 қызметкері бар, малдарын тәркілеуден құтқару үшін 3000-ға дейін қошқары бар, оны басқа республикаларға айдап, әртүрлі аудандарға көшіп, малдарын жасырды» т.б. [6: 61 п.] деген хабарлама айтылады.

1929 ж. шекаралық аймақтарда қазақтардың шетелге өту жаппай орын алады. ОГПУдың № 5716 көлік бөлімінің Ташкенттегі ОГПУдың жол-көлік бөліміне жіберген 1930 ж. 22 ақпанындағы аса құпия жеделхатында кулактардың Кинель, Орынбор және Каспий теңізімен Красноводск арқылы Орта Азияға қашып жатқанын хабарланады. Кишкиннің бұл жеделхатында: «Барлық жерге тосқауыл қойындар. Тез арада Красноводскіде арнайы тосқауылдар орнатып, келгендерді тексеріп, кулактарды ұстандар, оларды өз қаражаты есебінен бірінші пароходпен қайта кетуге мәжбүрленіздер. Кетпегендерді ұстап, учаскелік полиция бөліміне тапсырыңыз. Көпшілігі кедейлердің, орта шаруалардың жалған құжаттарымен жүреді. Орындауды жеткіздер» [7: 162 б.] деген нұсқау беріледі.

Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (ОГПУ-БМСБ) Ақпарат бөлімінің ҚазақАКСР бойынша кулактар мен байлардың қашуы туралы берілген № 11 арнайы мәліметінде 1930 ж. 15 желтоқсанына қарай кулактар мен оршаларды тәркілеу кезінде Петропавл және Қостанай округтарынан Өзбекстанға (алдымен Ташкент бағытындағы Қазақстан жерінде - Алматы және Сырдария округтарына, ары қарай Өзбекстанға) кулактар мен орташалар да қашып, жұмыссыздар ретінде өндірістер мен совхоздарға жұмысқа орналасып, жұмыс істеуде деп көрсетілген.

Алматы және Сырдария округтарында жұмыс тапқандары Қазмысқұрылыс, Қазкөмір, Қаазтеміржолқұрылыс, совхоздар мен басқа да мекемелерде жұмысқа орналасты. Сырдария округының Жуалы ауданынан қашқан 102 кулактың бір бөлігі Үржар ауданына, Мақтаарал

совхозына, т.б. мекемелерге жұмықа орналасады [8: 135-136 пп.]. Соңғы нанымызды тартып алды, жеуге нан жоқ, деп Орал округынан қашқан 24 шаруашылық Украинаға жаппай көшіп, 50 шаруашылық көшке дайындалып жатыр деген мәлімет бар [8: 135-136 пп.]. Сол сияқты Қазақстанның барлық жерлерінен кулактардың әртүрлі себептермен жан-жаққа қашқандығы туралы хабарламалар жіберіліп отырды.

Халықты Қазақстаннан Өзбекстанға көшіруді ұйымдастырған топтардың да болғандығы рас. Олар көшіп-қонушыларды көлікаралық, түйе бағатын артельдерге кіргізіп, Орта Азияның терең пункттеріне жіберіліп, кейіннен оларды Ауғанстанмен шекарада шоғырландырды. Ауғанстанға қашуды да ұйымдастыратын топтар болды.

Осы жылдары Қазақстанның өн бойында Кеңес билігінің саясатына қарсы халық қозғалыстары орын алды. Мысалы, Орталық Қазақстанда Қарқаралы округінің Абыралы, Шыңғыстау, Шұбыртау аудандарында көтерілістер басталды [9; 26 б.]. Сыр өңіріндегі Асандар көтерілісі, Ақмырза көтерілісі (700 сарбазы болды) және Қарақұм көтерілістері (жалпы барлығының саны 10 мың сарбаз) де тарихқа белгілі [10; 1-3 пп.]. Қазақстан бойынша 1929-1932 жылдары кеңес билігіне қарсы барлығы 372 қарсылық қозғалыстар болды.

Архив қойнауларында сақталған құжаттар (ашық-құпия түрлерін қоса алғанда) шаруалар көтерілістерін ұйымдастырғандарды, көтеріліске қатысқандарды Кеңес өкіметіне ашық қарсы шыққан бандалық құрылымдар, биліктің шешімдеріне арнайы қарсылық көрсетуді мақсат етіп, күреске шыққан бандиттер ретінде көрсетеді [10, 11, 12: 4-7 пп.]. Сол себепті, шаруалар көтерілісін басып-жаншу қажетті әскери шара болды ретінде түсіндіріледі. Ал көтеріліс жайлы халық жадында сақталған мағлұматтар мен архивтерде кездесетін құжаттарға жіті талдау жасасақ, онда күн-көріс көзінен айрыла бастаған қарапайым халықтың жан-айқайынан туындаған шарасыздықтан соң туындаған қарсылықтары үшін шаруалардың «бандиттер» деген топқа енгізіліп, жазаланғандарын байқаймыз.

Осыған орай, отандық зерттеушілердің еңбектерінде де күштеп ұжымдастыруға қарсы көтерілістердің «бандалық құрылымдар» мен «бандиттердің» бас көтерулері емес, халықтың аштыққа қарсы қарсылығы, әділетсіздікке қарсы көтерілуі екені айтылады. Яғни, кәмпескеден қашқан байлардың малын тәркілеуге қарсылық көрсетіп, бүкіл ауылымен мекендеген жерлерінен көрші аймақтарға көшуі халық наразылығы болып табылады [13; 34 п.]. Бұл қарсылықтарды ғалым К. Нүрпейіс «ұлт-азаттық қозғалыс» деп те бағалады. Бұл көтерілістерді басу кезінде жазалаудан қашқандардың сыртқа көші орын алды.

Сыртқа көшу 1930 жылдың көктемiнен жаппай сипат алды. 1930 жылы 34 977 шаруа қожалығы көшті. 1931 жылы (толық емес мәліметтер бойынша) 45 000 шаруашылық көшіп кетті [14: 172 п.]. Соның ішінде 1931 ж. Қызылқұм ауданынан Өзбекстанға 2.200 шаруашылық көшіп кетті [15: 6 п.].

1930 жылдың көктемiнен бастап республиканың шығыс және оңтүстік аудандарында да жаппай ауа көшкендер саны күрт өсті. 1930 ж. сыртқа кеткендердің негізгі көпшілігі Қытай мен Өзбекстанға көшкендігі айтылады. «Байлардың үгіт-насихатына ерген және халықтың барлық топтарынан мүлікті тәркілеу, рулық ықпал туралы арандатушылық қауесеттердің әсерінен кедейлер мен орта топтардың жаппай көшіп кету жағдайлары орын алуда. Көшіп-қонуды жасыру үшін байлық жалған жүк-көлік және балық аулау артельдерін ұйымдастырып алады» деген мәліметтер орталықтарға кетіп жатты.

1931 жылы жаппай көші-қон: Тайпақ (бұрынғы. Орал округі), Маңғыстау, Жылықос (бұрынғы. Гурьев округі), Табын (бұрынғы Ақтөбе округі), Көкпекті, Абралы, Аягөз, Жарма, Күршім, Шұбартау, Тарбағатай (Б. Семей округі), Ақсу, Октябрь, Кеген (Б. Алматы округі), Қызылқұм (бұрынғы. Сырдария округі) аудандарын қамтыды. Осы кездегі толық емес деректер бойынша 1930 жылы Қазақстан бойынша мәжбүрлі көшіп-қонуға 34577 шаруа қожалығы қамтылды, оның ішінде байлардың - 1014 қожалығы, орташалардың - 1817 қожалығы, кедей-21767 шаруа қожалығы., колхозшылар - 54 және әлеуметтік топтарға белгісіз-29525 шаруашылық. Қолда бар мәліметтерге сәйкес анықталмағандардың басым көпшілігі кедей және орташа топтарға жатады.

Қазақстан Қаржы халық комиссариатының 1931 ж. 9 тамызда республика Өлкелік партия комитетіне жолдаған мәліметінде 1930 жылы және 1931 жылдың 5 тамызына дейін Қазақстанның тек 27 ауданынан ғана (қалған 47 ауданның мәліметтерін есептемегенде) Орта Азия жеріндегі көрші республикаларға және Қытайға көптеген қазақ шаруа қожалықтары көшіп кеткен. Мысалы, Өзбекстанға 3436 қожалық 187 909 малды айдап кеткен болса, Түрікменстанға кеткендер, сәйкесінше, – 7371 қожалық 319 725 бас мал, Тәжікстанға сәйкесінше, 1767 қожалық 88 350 бас мал; Қырғызстанға – 1031 қожалық, 33 595 бас мал, Қытайға – 563 қожалық, 2276 бас мал, ал Қарақалпақстанға – 2355 қожалық, 11 262 бас мал, барлығы 35597 қожалық 893 074 мал басын айдап өтіп кеткен (16:136; 17: 1 п.). Бұл кезде шекаралас аймақтардағы халық бір-бірімен аралас-құралас байланыста отырған еді.

ОГПУдің Оңтүстік Қазақстан облыстық бөлімінің 27/VII-32 ж. материалдары Қызылорда ауданының ауылдарынан Өзбекстан аумағына көшіп кетуі облыстың басқа көршілес аудандарында да жаппай сипат алу қаупі бар екенін білдіреді (18: 27).

«Қараспан ауданының № 8, 9 ауылдарында бұрынғы Сырдария округінде 44 бай мен 3 орта шаруа көлік артелін ұйымдастырып, Ташкент Көлік кеңсесімен жүктерді тасымалдауға шарт жасасқан, жүктерді тасымалдауға құжаттарды алып, отбасыларымен бірге Өзбекстанға қоныс аударған», «Бұрынғы Сырдария округінің 8 ауданынан, бай үгіт-насихатының әсерінен және 15 желтоқсан аралығында шаруашылық-саяси науқан басталғаннан бергі асыра сілтеу арқасында 1776 кедей-орта шаруа қожалықтары Өзбекстанға қашып кетті. Ең жаппай қашу Жаңақорған, Қараспан, Қармақшы және Келес аудандарынан байқалды» [19: 135–136.] т.б. мәліметтер архив құжаттарында көптеп кездесті.

РКФСР ХКК төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұловтың И. Сталинге 1933 жылы 9 наурызда жолдаған қазақтардың қоныс аударуының ауқымы туралы мәліметтер және олардың жағдайы туралы хатында шамамен алынған мәліметтер бойынша Қазақстанмен көршілес жатқан өлкеге көшіп-қонып жүрген жерден алынған соңғы деректер негізінде қазақтардың 40 мыңы Орталық Еділде, 100 мың адам Қырғызстанда, 50 мың адам Батыс Сібірде екенін айта келе Қарақалпақстанда 20 мың адам, Орта Азияда 30 мың қазақ барын жазады. Қоныс аударушылар тіпті Қалмақ автономиялы облысына, Тәжікстанға, Солтүстік өлке және т.б. шалғай жерлерге де көшіп барған (20).

1933 ж. Қазақстанды жайлаған аштықтан құтылудың жолы ретінде босқындар өз мүлкінің қалдықтарын сатты. Бір бөлігі Қазақстанды тастап, Өзбекстанның: «Катты-Корзян», «Кітап», «Жүребұлақ», «Қызылтөбе», «Кариш», «Сталинабад» аудандарына және Шығыс Ауғанстан шекарасына қарай көшті. Олар өздерінің қалған 4-5 малын қорғауға орын таппай, бір жерден екінші жерге ауысып, жолай қарақшылықтарға тоналып, жыртқыштарға жем болып, қиындықтар көреді. Мыңдаған қазақ қожалықтарының өлгендерінен қалғандары орнықты жер таппай, өзбектерден қағажу мен кемсітушіліктерге душар болады. Оңаша кездескен қазақтарды соққыға жығып, адам етін жеген қазақтар деп т.б. түрлі кемсітушіліктерге ұшырауы жиі кездесіп отырды. Бір қышлақта екіқабат қазақ әйелін ішінен теуіп қинаған жағдайлар кездесті., сондай-ақ, өзбек басмашыларының тонауына ұшырағандары қаншама» деген хабарлар Қазақ республикасының басшылығына да көптеп түсе бастайды.

Сонымен бірге қашқан байларды кері қайтару тапсырмасын орындауға жіберілген өкілдердің кез-келген, тіпті кінәсіз қазақты кездескен жерінде ұстап, байсың деп, түрмеге қамаған оқиғалар да жиі кездескен. Қашқын бай-құлақтарды ұстап, кері қайтарса қуып барған басқарма өкілдерінің 10 000 рубль мен 20 000 рубль арасында ақша табатынын мастықпен айтып отырған жағдайлар кездескен. Немесе

қашқан қазақтарды түрмеге қамамау үшін өкілдердің қазақтардан 1000 және 700 рубль аралығында ақша жинағандығы туралы мәліметтер де кездесті [21: 131].

Өзбекстанға барған қазақтардың ауыр жағдайы жаппай сипат алғандығын, қазақтардың арасында өлімнің көбейіп, өзбек жеріндегі тәртіпсіздіктерден жапа шеккендігін дәлелдейтін архив құжаттары да жетерлік. Ішерге асы жоқ босқындар арасында өлім-жітім өсіп, жұқпалы аурулар тарап, әлсіз адамдар саны күн сайын артады.

Босқын қазақтарға көмек көрсету қолға алына бастайды. Өзбек КСР Жұмысшы-шаруа инспекциясының бастамасымен ЖШК халық комиссары Кацтың басшылығымен 1933 жылдың қаңтар айында аштықтан әлсіреген қазақтар үшін тамақ беру пункттер құру туралы шешім қабылданды. Өзбек КСР ХКК, Өзбек КСР ОАК, Өзбекстан КП(б) ОК мақұлдаған және қабылдаған бұл шешімнің негізінде Өзбек Қызыл Жарты Ай қоғамына 515 мың рубль ақша бөлінеді. Өзбек КСР-нің Қызыл Жарты Ай қоғамы Өзбекстан бойынша 22 қоректік пункт ашады, олар ашыққан халықты тамақтандырумен, Қазақстанға қайта қоныс аударумен, еңбекке жарамды адамдарды жұмысқа орналастырумен, балаларды балалар үйіне орналастыру үшін санық анықтаумен және мұқтаж науқастарды емдеумен айналысады көздеді. Өзбек КСР-нің Әндіжан, Қарғалы, Хаваст, Самарқан, Икрам, Қаттақорған, Жаңа-Бұхара, Бок-Будин, Янги-Юль және Ташкент аудандарында тамақ беру пункттері ашылды: [22: 16-17 pp.].

Аштарға көмек ретінде құрылған пункттердің 12-сі тек казак босқындарына ғана арнап ұйымдастырылды.

Бұл пункттер толық санитарлық тазартудан өткен изолятор түрінде ашылды. Оларда 10-60 төсекпен жабдықталған қабылдау бөлмесі, қызыл бұрыш, кітапхана, жатақхана болды. Ашыққан халық күніне төрт реттен тамақтандырылды.

Транзиттік пункттер үшін нан нормасы күніне 200,0 гр. Изолятор-оқшаулағыштар үшін 400,0 гр. және балалар пункттері үшін 500,0 гр. деп белгіленді. Нан (40 тонна) және басқа да өнімдер жеткілікті және үздіксіз жұмыс істейді» деген есептер ОКке жіберіліп жатты.

Өзбек КП ОК төрағасының орынбасары, тамақтану жөніндегі істерге жауапты Мелкумов пен ОАК Құпия бөлімінің меңгерушісі Шабановтың 1933 ж. 27 тамыздағы Өзбекстандағы қазақтардың ауыр жағдайы туралы Есепті баяндамасында осындай жұмыстар нәтижесінде, 1933 жылдың ақпан айынан тамыз айына дейін барлық пункттер бойынша 298.929 адам-күн, оның ішінде ересектер мен балалардың қазақтарынан 107.135 адам-күн, өзбектерден 20.909 адам-күн және басқа да 162.785 адам-күн, оның ішінде 114.839 бала-күн көмек көрсетілді деген мәлімет бар. Босқындарға көмек көрсетудің

нәтижесінде, 6.050 адам жұмысқа жіберілді (совхоздар, колхоздар, қоғамдық жұмыстар және т.б.), 2.683 адам Отанына қайтарылды, 547 адам ауруханаға жатқызылды, 8.975 бала балалар үйіне орналастырылды, сонымен бірге 3.095 қазақ қайтыс болды, қоғамдық изоляторларда 346 адам бар және 353 адам әлеуметтік бөтен элементтер анықталды. Барлығына 370 мың рубль жұмсалды [22: 16-17 pp.] .

Өзбек КСР-ндегі босқындардың бір бөлігі жұмысқа орналастырылып, бір бөлігі ұйымдастырылған тәртіппен Қазақстанға жіберілді, балалар балалар үйіне орналастырылды және науқастар емдеу мекемелеріне емделуге орналастырылды т.б. жұмыстар жайлы есебі [22: 16-17 pp.] мемлекеттік деңгейде ашыққандарға көмек көрстеу жұмысының қолға алынғаны мен нәтижесін көрсетеді.

Л. Мирзоян 1933 ж. VIII Қазақ өлкелік партия конференциясында сөйлеген сөзінде партия Өлкелік комитетінің басты міндеттерінің және толғандырған мәселелерінің бірі ауа көшуді тоқтату және ауа көшушілерді шаруашылық орналастыру жұмыстарын кеңінен өрістету болып табылғанын баяндады. Бұл жұмысты табысты түрде жүзеге асыруда ауа көшушілердің қожалықтарын нығайту бойынша бірқатар жеңілдіктер жасау арқылы БКП(б) Орталық Комитетінің қаржымен, малмен, нанмен көмектесуі орасан зор рөл атқарды. Бұл шаралар ауа көшушілердің шаруашылығын дамытуға және ауа көшуді тоқтатуға берік негіз жасады.

Айта кету керек, бастапқы кезде бұл маңызды істер дұрыс ұйымдастырылмады. Қайта оралған босқындарды алыс аудандарға орналастыру кейбір жерлерде ешбір даярлықсыз жүргізілгендіктен, жол азабын көрген босқындар тағы да аштан және аурудан қайтыс болды немесе жолда қашып кетіп, республика елді мекендеріндегі онсыз да көп босқындар санын көбейте түсті.

Жалпы алғанда, көрші орналасқан мемлекеттерде 1926-1939 жж. санақтар аралығындағы кезеңде ауа көшушілер есебінен қазақтар саны – РКФСР-де – 2,3 есе, Өзбекстанда – 1,7 есе, Қарақалпақияда – 2,5 есе, Түркіменияда – 6 есе, Тәжікстанда – 7 есеге, ал Қырғыз Республикасында – 10 есеге дейін өскен. Осы уақытта көрші республикаларда тұратындардың пайызға шаққандағы үлестік көрсеткіші 8%-дан 26%-ға дейін жоғарылады. Ауа көшудің салдарынан шекарадан тыс жердегі қазақтар саны екі есеге көбейді (23: 108 б.).

1936 жылы да Қазақстанға қайта оралған шаруа қожалықтарының негізгі бөлігі Өзбек КСР-нен келгендерді құрады. Олар Мақтаарал, Қызылқұм, Келес, Қаратас, Арыс, Шымкент, Шәуілдір, Қызылорда, Қармақшы, Ленгір аудандарына, Қырғыз жерінен келгендер Меркі, Мирзоян, Сарысу, Талас, Сайрам аудандарына орналасты. Ал Қарақалпақтан оралған ауа көшушілер Қазалы ауданына келіп орналасты (24: 2).

Аудандардағы қайтып оралғандар мен аз қамтылған колхоздарға көмек көрсету бойынша жергілікті бюджеттің жалпы сомасынан 507000 рубль қаржы тұратын аудандардағы қуаттылығы аз колхоздар үшін тұрғын үй құрылысына бөлінеді. Қалған 1468000 рубль көрші республикалар мен аймақтардан оралған шаруашылықтарға көмек көрсету үшін ұйымдастыру шығындарына бөлу қарастырылады. Сонымен, 1936 жылғы жоспарда шағын колхоздарға көмек көрсету үшін 1227000 рубль бөлу қарастырылған, оның 720000-ы мемлекеттік бюджеттен және жергілікті бюджеттен 507000 рубль қаржыны құрылысқа жіберу қарастырылады. Мелиорацияға және жерге орналастыруға бөлінген қаражат 1937 жылы қоныстандыру жұмыстарын жүргізу үшін база дайындауға жұмсалады (25: 23). Сондай-ақ ҚАКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысында Талас ауданындағы орналастыру жұмыстарын ұйымдастыру шығындары (көлік, жолда тамақ және т.б.) көрсетіліп берілген. Өзбекстаннан келген оралушылардың 375 шаруашылығына Мирзоян қаласы 15000 рубль бөлуі, Келес өңіріне Орта Азиядан келген 110 шаруашылықты ұйымдастыру шығындары мен бастапқы орналастыруға 20000 рубль, Сайрам ауданының мақталық колхоздарына 80 шаруа қожалығын көшіріп, орналастыру үшін 8000 рубль, ал Қызылқұм ауданына қайта оралушылардың 200 шаруашылығына 10000 рубль (26: 17 п.) бөлу керек болды. Жергілікті билік тарапынан осындай қаржылық көмек беріліп, колхоз жұмыстарына тарту істеріне Орта Азия республикалары ішінен Қарақалпақ жерінен оралған ауа көшуші қазақтар да қамтылды.

Өзбекстаннан қазақ босқындарының қайта оралуы 1937 жылға дейін тоқтамайды. Барған түгелдей қайтпай, Қазақстанға келе алмай сол жерде қалған қазақ ұлтының өкілдері көп болды. Жоғарыда жазып өткеніміздей 1933 жылдың ақпанында жаңа басшылықтың келуімен байланысты БК(б)П Қазақ өлкелік Комитетінің кеңейтілген VI пленумы өткен екі-үш жылдан кейін 400 мыңнан аса ауа көшкендерді өз жерлеріне оралтып, колхоздарға орналастыру мүмкіндіктері жасалды. Өкінішке қарай ауа көшкендерді туған жеріне қайтару істері күрт үзілумен байланысты толық аяқталған жоқ. Л.И. Мирзоян басшылығының өзі саяси қуғын-сүргінге ұшырайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарихы архиві (бұдан ары қарай - РМӘСТА). 17-қ., 33-т., 25-іс.

2 РМӘСТА. 17-қ., 31-т., 26-іс.

3 Қазақстан республикасы Орталық мемлекеттік архив (бұдан ары - ҚР ОМА). 5-қ., 7-т., 17-іс.

4 ҚР ОМА. 5-қ., 6-т., 98-іс.

5 Балтабаева К.Н. Казахстанские беженцы: от категории до разработки закона о реабилитации беженцев // «Қазақстандағы ХХ ғасырдың 30-шы жж. басындағы ашаршылық және қазақтардың көршілес аумақтарға мәжбүрлі көші-қоны: зерттеу мәселелері» = «Голод начала 30-х гг. ХХ века в Казахстане и вынужденные миграции казахов на сопредельные территории: проблемы исследования»: респ.-тәжірб. конф. мат-ры. / Құраст. Құдайбергенова А.И., Қозыбаева М.М., Байдалы Р. - Алматы: Литера-М, 2021. – 296 б. (24-33). – Қаз., орыс.

6 Қазақстан республикасы президенттік архиві (бұдан ары - ҚР ПА). 14 қ. 1 т. 2067 іс.

7 Советская деревня глазами ВЧК-ОГПУ-НКВД. 1918—1939. Документы и материалы. В 4-х т. Т. 3. 1930-1934 гг. Кн. 1. 1930-1931 гг. / -М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 2003. - 864 с.

8. ҚР ПА. 719 қ. 2 т. 126 іс.

9 Козыбаев М., Алдажуманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия / Козыбаев. М. – Алматы, 1999. – 28 с.

10 ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы архиві (бұдан ары - ҚР ҰҚКА). Қ.9. Т.1. Іс 1.

11 ҚР ҰҚКА. Қ.9. Т.1. Іс 478.

12 ҚР ҰҚКА. Қ.719. Т.5. Іс 168.

13 Қызылорда облысының мемлекеттік архиві (ҚОМА) Қ. 2. Т.2. Іс 11.

14 ҚР ҰҚКА, 9 қ., 1 т., 495 іс.

15 ҚР ПА. 144 қ. 17 т. 465 іс.

16 Қойгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? - Алматы: Ана тілі, 1993. - 208 б.

17 ҚР ПА. 141 қ. Оп. 1 т. 5058 іс.

18 ҚР ПА. 141 қ. 1 т. 5207 іс.

19 ҚР ПА. 719 қ. 2 т. 126 іс.

20 Рысқұлов Т.Р. Шығармаларының толық жинағы. Полное собрание сочинений. Т. 4. 368 бет. Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007, 325 б.

21 ҚР ОМА. Р-30 қ. 7 қс. Т. 151 іс.

22 ҚР ОМА. Р-1179 қ. 5 т. 7 іс.

23 Татимов М.Б. Демографические последствия перегибов в коллективизации: «белые пятна» в исторической демографии Казахстана. Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстане: Опыт и проблемы. Алма-Ата: Ғылым, 1990. 200 с.

24 Түркістан облыстық мемлекеттік архиві (одан әрі- ТОМА). 240 қ. 2-т. 114-іс.

25 ТОМА249-қ. 1 т. 105 іс.

26 ТОМА 74-қ. 1-т. 297 іс.

МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
Қабылдинов З.Е. ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗ.....	5
Рынков В. М. ПРИВЕТСТВЕННОЕ СЛОВО.....	8
Абиль Е.А. ГОЛОД И СОВЕТСКАЯ ВЛАСТЬ	10
Курманов З.К. О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ КАЗАХСКОГО ГОЛОДОМОРА И БЕЖЕНСТВА В КЫРГЫЗСТАНЕ	19
Аяган Б.Г. КАЗАХСКИЕ ОТКОЧЕВНИКИ ПО МАТЕРИАЛАМ АРХИВОВ КЫРГЫЗСТАНА.....	27
Бәкір Ә.Қ. МҰСТАФА ШОҚАЙ ТҮРКІСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ҚАТАЛ СЫНШЫСЫ	40
Аблажей Н.Н., Балтабаева К.Н. МАССОВОЕ ВОЗВРАЩЕНИЕ КАЗАХОВ ИЗ СИНЬЦЗЯНА В КАЗАХСТАН ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ 1950-Х – НАЧАЛЕ 1960- Х ГГ.	50
Боранбаева Б.С., Сарсенбаева Ф.Е. ОРАЛ, БӨКЕЙ ГУБЕРНИЯЛАРЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ЗАРДАПТАРЫ (БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....	58
Жүсіп С.А. ГОЛОД 1930-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕОСМЫСЛЕНИЯ И НАУЧНОЙ ОЦЕНКИ.....	66
Құнапина Қ.Қ., Қамысбаева Қ.Б., Нұрбаева А.Д. КАЗАҚСТАНДАҒЫ XX Ғ. 30 АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОРТА МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ОҚЫТЫЛУЫ МЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ	77
Пасилов Б.А., Пасилова Г. ЗЕМЕЛЬНО-ВОДНАЯ РЕФОРМА И КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ В УЗБЕКСКОЙ ССР: СЛОМ ТРАДИЦИОННОГО ЗЕМЛЕ- ПОЛЬЗОВАНИЯ И «СОЦИАЛИСТИЧЕСКАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ» СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА	81
Ишанходжаева З.Р. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИЕ УЧРЕЖДЕНИЯ В УЗБЕКИСТАНЕ В 1920-1930-Е ГГ.	88

Балтабаева К.Н. ВЫНУЖДЕННЫЕ БЕЖЕНЦЫ И ПРИНИМАЮЩИЙ СОЦИУМ.....	92
Эргашев Ш. СТАЛИНСКИЙ «ВЕЛИКИЙ ПОВОРОТ» И ЕГО ПОСЛЕДСТВИЯ.....	103
Козина В.В., Джумабеков Д.А. О ГОЛОДЕ В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1930-Х ГОДАХ И ЕГО СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ПОСЛЕДСТВИЯХ...107	
Борбасов С.М. XX Ғ. 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚҚА ҚАРСЫ ҮЗДІКСІЗ СОҚҚЫ.....	117
Мұхатова О.Х. ҚАЗАҚСТАНДА БОСҚЫНШЫЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫН ЗЕРТТЕУ.....	122
Төлекова М.К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАРУАЛАР КӨТЕРІЛІСТЕРІ ЖӘНЕ БОСҚЫНШЫЛЫҚТЫҢ СЕБЕП-САЛДАРЫ.....	129
Қалшабаева Б.К. 1930 ЖЖ. АШАРШЫЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРТА АЗИЯҒА ҚОНЫС АУДАРУЫ.....	137
Сапанов С.Ж., Абдулов А.Д. АТЫРАУ ӨЛКЕСІНІҢ ТАРИХЫНАН. ҚАЗАҚСТАННАН КЕТУГЕ МӘЖБҮР БОЛҒАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОСҚЫНДАР (1916- 1930 ЖЖ).....	144
Айдарбаева Р.К. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕГІ БОСҚЫНШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ (XX Ғ. 30-ЖЖ.).....	148
Калтаева Д.А. 1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ СЫР БОЙЫНДАҒЫ НӘУБЕТТІ ЖЫЛДАР САЯСАТТЫҢ САЛДАРЛАРЫ АРХИВ ІЗДЕНІСІНДЕ	154
Құдайбергенова А.И. АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БОСҚЫНШЫ- ЛЫҚ: ӨЗБЕКСТАНҒА ҚАШҚАН ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ (1929- 1933 ЖЖ.).....	157
Абдуллина Ж.О. ЗҮЛМАТ ЗАМАННЫҢ ЗОБАЛАҒЫ: МҰХИЯДИН МЕҢДІБАЕВ.....	167
Мамытова С.Н. ТРАГЕДИЯ «ОТКОЧЕВНИКОВ» СЕВЕРНОГО И СЕВЕРО- ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА В ИСТОЧНИКАХ.....	171

**Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ
ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**ИНСТИТУТ ИСТОРИИ И ЭТНОЛОГИИ ИМЕНИ
Ч.Ч. ВАЛИХАНОВА**

**«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1930-ШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ЖАППАЙ
АШАРШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ШЕКТЕС
АУМАҚТАРҒА МӘЖБҮРЛІ ҚОНЫС АУДАРУЫ: ЗАМАНАУИ
ТҮСІНУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ БАҒАЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
республикалық-тәжірибелік конференцияның материалдары.
8 қыркүйек 2022 ж.**

**Материалы республиканской научно-практической
конференции «МАССОВЫЙ ГОЛОД 1930-Х ГОДОВ В
КАЗАХСТАНЕ И ВЫНУЖДЕННЫЕ ОТКОЧЕВКИ КАЗАХОВ
НА СОПРЕДЕЛЬНЫЕ ТЕРРИТОРИИ: ПРОБЛЕМЫ
СОВРЕМЕННОГО ОСМЫСЛЕНИЯ И НАУЧНОЙ ОЦЕНКИ» .
8 сентября 2022 г.**

«Мадияр» ЖК типографиясы
Типография ИП «Мадияр»

Теруге 10.10.2022 берілді. Басуға 12.10.2022 кол қойылды.
Пішімі 70*100 1/16. Қаріп түрі «Times New Roman»
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 20,25
Таралымы 500 дана.

Сдано в набор 10.10.2022. Подписанов в печать 12.10.2022.
Формат 70x100 1/16. Гарнитура «Times New Roman»
Офсетная бумага. Офсетная печать. Усл.печ.л. 20,25
Тираж 500 экз.